



**XVI Әуезов оқулары халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференциясы
27 қыркүйек 2019 жыл**

¹ДАУТОВА Г.Р., ²СУЛТАН Е.

¹PhD доктор, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қызметкері.

² PhD доктор, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директордың орынбасары.

Алматы, Қазақстан.

ЭПИКАЛЫҚ ҚАҺАРМАННЫҢ БЕЙНЕСІН АШУДАҒЫ БАТЫР ТҰЛПАРЫНЫҢ РӨЛІ

Андапта: Көне эпостық туындыларымыздың қай-қайсысын алсақ та онда қорғаушы батыр негізгі кейіпкер болып, оның тұлпары қосалқы әрі маңызды рөлді арқалайды. Батырдың тұлпары – жыршы, жыраулардың қиялынан туған, ғайыптан әкел таңған образ емес. Жалпы батырлық эпостардың тууы негізінде бір тарихи кейіпкердің немесе шынайы оқиғаның жағқандығын ескерсек, батырлар мінген сәйгүліктердің де негізінде асыл тұқымды жағқандығын жоққа шығара алмаймыз. Батыр өмір сүрген дәуірдегі оның аты аңызға айналған тұлпары жайында осы күнге дейін жеткен әңгіме-баяндар соның дәлелі.

Кілтi сөздер: қаһарман, фольклор, дерек, эпос, тұлпар.

Түркі эпостарындағы тұлпарлардың иесінің айнымас серігіндей, сырмінез сырласындай бейнеге ие болуы және осы арқылы олардың шығармадағы рөлінің салмақты болуы, көшпелі халықтың шынайы өмірдегі жылқы тұлпігіне деген сол эпостардағы көркемдік шындықтан, көл-көсір қарым-қатынасынан туған дүние. Яғни, жаны бар, бірақ тілі жоқ мақұлық емес, жануарлардан жалғыз жолдас тұтқан, оны арман-қиялмен әрлеген батырдың жан-жолдасына деген қарым-қатынастың көркемдік картинасы деп танысақ болады.

Түркі халықтары үшін ат, тұлпар – жаратылысы бөлек жануар. Ат үстінің желі барын ата-бабаларымыз өзге

жұрттардан көп бұрын білді. «Ежелгі скифтердің атты әскерлері жойқын күш болғаны көптеген тарихи деректерде көрсетілген» [1, б.116]. Тұлпар баптау, атбегілік – түркі жұртының ең көне ұлттық өнері екенін бүгінгі ғылым дәлелдеп отыр.

Қалай болғанда да, батыр мен тұлпардың жолығуы, батырдың өзінің нағыз тұлпарына қол жеткізуі ерекше жағдайда орындалады. Бұған бір мысал Алпамыстың Байшұбарды бағындыруы. Қыл құйрықтан қысып тоқтауы немесе лақтыруы секілді ат пен адам арасындағы айқас біріне-бірінің күшін танытады. Осыдан соң Байшұбар ат жүгенге басын береді деп баяндалады жырда.

«Едіге батыр» жырында Ер Едіге Жылқыбайдың көп үйірінің ішінен жарауын тапмай, бір кедейдің жаман шұбарын сұрағанды. Өлгі шұбар атты Жылқыбай қос атқа айырбас қылып әкеледі. Сол жаман шұбарды Едіге батыр сүліктей сұлу етіп, қанды жорықтарға мініс аты, жолсерігі етіп жаратып шығарады.

Ал, Көрұғлыға арналған жыр тізбегінің «Ғират жайы, Көрұғлының Райхан арабпен соғысы» деп аталатын нұсқада бұл мотив новеллистикалық сипатта жырланады. Мұнда Көрұғлы Райхан араб мінген көкқасқа айғырды сымбагынан танып, ғашық болады. Оны өзі мінген жүйрік боз биеге бір шаптыр деп жалынышты болады. Жырда бұл былайша көрініс алған:

Аты бар көк қасқалы біреу келді,

Көрұғлы назар салып қарайды енді

Наз бедеу қарап тұрса бір тікуар

Сол атқа ашық болып көңіл бөлді [2, б.89].

Осы жәйтке байланысты оқиға дами түседі, Райхан мен Көрұғлы жауласады. Райхан аңғал батырдың атына ғашық болғанын, одан тұқым алмақшы болған ниетін пайдаланып, Баршагүл есімді жеңгесін алып қашады. Яғни, батырдың

женгесін ұрлатып алуға атқа деген шексіз қызығушылығы себеп болады. Ал, осыны пайдаға асырған Райханның ұрлығы тұтас жырдың композициясына арқау болады. Оқиғаның дамуы осы тұстан басталады да, Көрұғлының жүрегіне қатқан кек эпостың лейтмотиві іспетті, оқиғаның үнемі дамып отыруына сеп болады.

Ал, енді бір жыр үлгілерінде, мысалы «Манас» жырында батырдың тұлпары өзімен қатар дүниеге келеді. Мұндай құбылыс тек «Манас» жырында ғана емес, өзге де қырғыз жырларында, сондай-ақ, басқа да түркі эпостарында бар. Бұл туралы ғалым Р.С.Липецтің түркі-моңғол эпостарына ой жүгірткен «Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе» атты кітабында аз-кем айтылған мына жолдар назар аудартады: «Подслудные связи родства сказываются в эпосе именно в том, что предназначенный батыру конь нередко ровесник батыра, родившийся с ним в один день» [3, б. 127].

Сыншылық батырдың жарының бойынан табылуы мүмкін. Кей жағдайда тұлпардың өзін емес, сол тұлпарға буаз биені танып білу дағдысы бар. Бұл туралы: «Қаһарман өзіне тиесілі жалғыз тұлпарды табуға, баптауға тиіс, оған ерекше қасиетке ие тұлғалар, көп жағдайда әйелдер көмектеседі», [4, б. 68] – дейді Б.Н.Путилов.

«Қобыланды батыр» жырында бұл процесс батырдың сүйгені Құртқаның қатысуымен өтеді. Буаз биенің қарнын жарып алған құлынды Құртқа өзі баптайды. Тайбурылдың бабы сай келмей тұрғанда, Қараманның құйтұрқы қылығынан Қобыланды ашуға мінгенде де, Құртқа аттың қамы үшін араша түседі.

Жалпы, батырға лайық жылқыны жары танауы, тандауы «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» жырында көркем суреттеледі. 1914 жылы Қазан қаласында тұңғыш басылған «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» жырының Б.Толымбаев нұсқасына назар аударып, Құртқаның осы бір сыншылығын

көрсете кеткеніміз абзал: «Бұлар көшіп келіп бір жерге қонды. Қонған жерлері көп жылқының іші еді. Сол жылқының ішінен қыз Құртқаның көзі бір биеге түсіп: – Әй, батыр, мына биені мені берсеңіз де алыңыз, – дейді. Қобыланды: – Сені берсем бір рулы елдің малын алмаймын ба? – дейді. Құртқа: – Мұның ішінде тұлпардан пайда болған бурыл құлын бар, – дейді, – аман-есен құлындаса, сол құлынды саған ағ қылып берермін, – дейді, – астыңыздағы торы ағ жауға, дауға мінуге жарамайды, жабының баласы» [5, б. 11], – деп асқан көрегендік танытады. Бұл жерде батырға лайық тұлпардың маңызын ашу, қызметін көрсету ерекше танылған. Батырға тұрарлық аттың тұқымын танып тұрған адал жар оған өзін айырбастаса да қол жеткізбек ниетте екені таң қалдырады. Адал жардың батырға өзінен гөрі жылқының пайдасын артық деп табуы эпостардағы тұлпар бейнесін, оның қызметін жаңа белеске шығарады.

«Қарақыпшақ Қобыланды батыр» жырының Қазанда жарияланған нұсқасында буаз биеге бұлар қыз Құртқаны алып келе жатқан жолда кезікпейді, жана түскен жарына өзінің тоқсан сай толы жылқысының ішінен маған жараулысын танып бер деп қолқа салады. Е.Ешімов нұсқасында бұл түс сюжеттік және берілу жолымен сәл өзгешеленеді:

... Қол...айтып көрсетті боз байталды.

Осыдан бір қымбатты ағ туады деп,

Осыны өзім бақсам қолдан емдеп,

Ағ қылып тақымына берсем жөндеп,

Атқарар бір ғасырды ағ болады... [5, б. 407].

Немесе:

... Қанатты құстан жүйрік алтын құйрық,

Ішінде еркек бурыл құлыны бар,

Осыны сүт емізбей жетім бағам...[5, б. 408].

Екі нұсқада да құлынды кәрі биенің қарнын жарып алу деталі сақталған. Құртқаның ағ танауында тумаған құлындын

түсін түстеп, бурыл екенін баса айтуы барлық нұсқаларында кездеседі. Батырға лайық тұлпардың тууы оңай орындалатын жағдай емес.

Бұл бірнеше қатарлық жөн-жоралғыларын сақтап, үлкен күтіммен жасалады. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырының Н.Байғанин жырлаған нұсқасында бурыл құлынға буаз Кер Қулық биені «жер астында ардақтап, асты, үстін құрғақтап, мақпал төсектің үстінде жеті жылқышы жігіт жабыла бағады. Ол Құртқаның сілтеуімен орындалады. Мұндай батырдың жылқысына деген құрмет жырдың барлық нұсқасында кездеседі. Ал, құлынның тууы тазалыққа деген халықтың сеніміне құрылған керемет детальмен көмкерілген:

Төбеден жұлдыз ауғанда,

Түрегеліп Кер қулық,

Торы құлын табады.

Қалғып кетіп бір жігіт,

Жаңа туған құлынның

Жерге тиді аяғы [5, б.144].

Қобыландының көп нұсқаларында, мысалы, Б.Толымбаев нұсқасында: «Шығар едің аспанға, мен қайтейн, Бурыл ат, қырық үш күннің кемдігін...» [5, б.19], – деп келетін Тайбурылдың 43 күндік кемдігі айтылса, енді бір нұсқаларында жаңа туған құлынның тұяғы абайсыз жерге тиіп кетуі айтылады. Бұл детальдің ешбір жыр нұсқаларында өшіп кетпей, сақталып келгендігі үлкен ойларға жетелейтіні шындық. Демек, Тайбурылдың тұлпар боп жетілген тұсында осы кемдігі үшін көп кесір-кедергіге тап болатыны да орайға келтіріліп, қосыла салынған эпизодтар емес.

Ал, жаңа туған құлынды бағып-қағу ісі де ерекше аталатын дүние. Құртқаның Бурылды бағуы жырдың Қазанда жарияланған нұсқасында: «Табанын жерге тигізбей, Мандайын күнге күйгізбей, Киімге орап алады» [5, б.13], – деп келеді.

Яғни, жануарға деген құрмет, батырға көрсетілген құрметтен еш кем болмайтынына көз жеткіземіз.

Тұлпарды қорғаушы батырмен қандас, сүтгес бауыр ретінде суреттеу де эпос сюжеттеріне жат емес. Мәселен, бірнеше халықтарда жырланатын «Көрұғлыға» арналған эпоста батыр тұлпары Ғиратпен сүтгес келетін тұстары бар. Мысалы туысынан жетім бала мен құлынды бір биенің емізетін тұстары эпостың бірнеше ұлттық версияларында орын алған. Бұл мотив казак, эзербайжан т.б. халықтардың нұсқаларында кездеседі.

Түркі эпостарының қайсысын алсаңыз да батырдың астындағы сәйгүлік ерекше ыждағатпен, сән-салтанатпен, бабына сай жырланады. Бұл түркі эпостарының типологиялық тұрғыда ұқсастықтары. Яғни, қаһармандық эпостарда батырдың тұлпарынсыз мәселе шешілмейді. «Батырдың алғашқы ерлігі де, кейінгі жорықтары да көбіне жол жүрумен байланысты» [6, б.233]. Осыған орай оның қызметі жырдың барлық эпизодтарында көрінеді. Тұлпардың эпикалық шабысы халықтың эстетикалық талғамының биік өресінен ғана туған. Олардың шабысы суреттелген жыр үзінділері жырдың шоқтығы биік тұстары іспетті әсер қалдырады. Мысалы, 1899 жылы Қазан қаласында басылған, Жүсіпбек Шайхысламұлы жинап, жариялаған «Қисса-и Алпамыс» жырындағы Байшұбардың көркем шабысына назар аударайық:

Ауыздықпен алысып,

Табан жолмен тарысып,

Ұшқан құспен жарысып,

Маядай мойнын созады.

Байшұбардай тұлпардың

Ойынды еті бұлттылдап,

Төрт тұяқтан шыққан от

Шақпақ тастай жбылтылдап.

«Шу» дегенде Шұбар ат
Ұшқан құстан озады.

Томарша жерден сырғытып,

Жарлау жерден ырғытып,

Көз ұшында көрген жер

Көзді жұмып-ашқанша,

Артында жатып қалады [7, б. 16].

«Ер Тарғын» жырындағы Тарлан аттың шабысы да осыған
ұқсас:

Өз-өзінен зырлаған,

Басын тартса болмаған,

Көк айыл болып көпірсе,

Алты басып аттауға,

Айшылықты ойлаған...

Немесе:

Бектер мінген бедеудей,

Безектей қаққан аяғын [8, 73].

Эпостарда аттың негізгі функциясы оған ерекше қасиет
бітуімен танылады. Осы арқылы тек жырдағы маңызды
кейіпкер ретінде ғана емес, реалистік шынайылықтағы жылқы
түлігінің арқалаған жүгі ауыр екенін тану қиын емес. Жоғарыда
атап көрсеткеніміздей атқа тіл бітуі, саналы жануар ретінде
суреттелуі, ғажайып күш иесіне айналуы оның жырдағы
қызметін танытатын, сонымен қатар сюжет сахнасында алғы
орынға шығаратын қызметінің, маңыздылығының көрсеткіші.
«Батырлар жырында ерге серік болған батыр атқа адам мінезін
берген» [9, б. 99]. Мәселен, «Қисса-и Алшамыста» Байшұбардың
ақылы мен сезімталдығы мыстанның арам пиғылын сезуінен
байқалады. Аңғал батырды жер соқтырмақ болған кемпірдің
жоспарын жазбай таныған жануар «Адамнан есті жануар» –
деп, дәл суреттеледі:

Адамнан есті жануар

Келе жатқан кемпірді

Қос аяқтап тебеді [7, б. 19].

Осы таңілеттес Байшұбардың ерен сезімталдығы
танылатын тұс Алпамыстың иісін сезіп, алас ұрып, неше
күн тұсап тұрған темір торлы бөгетті әп-сәтте бұзып шығуы.
«Адамнан есті жануардың» тілге кел, ақыл танытуы бұл ғана
емес. Яғни, ақылды жануарлар қажет кезде керек жерден жол
тауып отыратындығы қаһармандық эпостардың бәрінде дерлік
бар. Жырлардағы ат қызметінің асқан шыңы осылай танылып
отырады. Бұл «есті ат» мотивінің типологиялық өрісі өте кең
екенін аңғару қиын емес.

Бағырлық эпостарда иесі мен жылқысы адам тілінде
сөйлеседі, ақылдасады. Мысалы, «Ер Көкше» жырында Сары
тұлпар да ғайыптан тілге келеді. Біраз жырларда ат пен иесінің
арасында еркін диалогтар орын алады. Жылқының тілге
келуі көбіне қысылғанда туатын құбылыс. «Қарақыпшақ
Қобыланды батыр» жырының Б.Толымбаев нұсқасында
Қобыланды Қазан қаласына дейінгі қырық күншілік жолды
уайым қылып, Бурылдың санына тобылғы сапты қамшымен
толғатып бір ұрғанда, Бурыл ат тілге келеді. Екеуара ұзақ
тілдеседі.

Эпостардағы аттың атқаратын функциясы деп қарағанда,
осы қызметтің орындалуына қозғаушы күш жылқының иесіне
деген, иесінің атына деген махаббаты екені анық көрініп
отырады. Бұдан бөлек ат қызметінің, оның батырмен өткен
жорықтарының маңыздылығын салмақтай түсетін тағы бір
деталь атқа деген ел-жұрттың, батырдың ата-анасының,
жарының сенімі, батырды соған тапсыруы. Қобыланды
алғаш жорыққа Қараманның сөзіне бола аттанып кеткенінде,
батырдың анасы Аналық пен жары Құртқа, қарындасы
Қарлыға Жаратқан Хақтан бастап, әулие-әнбиеге тегіс мінәжат

қылып, жалғыздарын аманат етеді. Сонда, Аналық ақырында Тайбурылға да тіл қағып:

Қысқа мықты жылқы өлмес

Ойға біткен қамыстан.

Қалушы емес Тайбурыл

Қатар шапқан жарыстан.

Жақын емес жалғызым,

Осы кеткен қозымды

Тек қолыңа тапсырдым [5, б.30] – деп, адамша сеніп, ұлын тапсырады.

Эпостардың сан мың жылдық тарихын есептегенде, тарихи оқиғалардың көші лек-легімен алмасып, қоғамдық сана мен мүдденің өзгеруі эпостардың тарихилығы мен тұтастығына елеулі өзгерістер әкеліп, жаңа эпизодтық желілер мен жаңа мазмұн қосып отырғаны рас. Десек те, эпостардағы «ат» бейнесінің эпостың өзімен қағар туған, әу бастан, түп қайнардан туып жасап келе жатқан бейне екені назардан тыс қалмауы керек. Эпикалық батырдың бейнесін ашуда, шығарманың көркемдік келбетінде, сюжеттік мінсіздігінде олардың қызметі мен ролі, әсері орасан зор екені анық. Оған күні бүгінге дейін жазылған зерттеулер мен жалпы эпостардың қарапайым мәтіндері куә болады.

Әдебиеттер:

- 1 Тойшыбаева С. Қазақ эпосындағы әйелдер бейнесі // Қазақстан мектебі, №10-12, 1962.
- 2 Бабалар сөзі: 100 томдық. Батырлар жыры.– Астана: Фолиант, 2008. – Т.48. –536 б.
- 3 Липец Р.С. Образы бағыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – М.: Наука, 1984. – 262 с.
- 4 Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. – Ленинград: Наука, 1988. – 223 с.

5 Бабалар сөзі: 100 томдық. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2006. – Т.36. – 480 б.

6 Ибраев Ш. Көне эпос // Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезең. – Алматы, 2008. – Т.1. – 808 б.

7 Бабалар сөзі: 100 томдық. Қытайдағы қазақ фольклоры. Батырлар жыры.– Астана: Фолиант, 2006. – Т.34. – 384 б.

8 Бабалар сөзі: 100 томдық. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2007. – Т.44. – 496 б.

9 Мамыт А.А. Қазақ батырлық эпосы сюжеттерінің генезис мәселесі // Заманауи әлемдегі ғылым мен білім (халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары) – Қарағанды: Болашақ, 2016.

МАЗМҰНЫ

Қонаев Д.А. Мұхтар Ауэзов и духовное возрождение наций.....3
Әзібаева Б.У. М.О.Әуезовтің қазақ фольклоры туралы тұғырлы концепциясы.....9
Мәдібаева Қ.Қ., Сейсенбиева Қ.Қ. М.Әуезовтің Абай мұрасын экзегетикалық дәстүр бағытында зерделеуі.....31
Ісімак А.С. Ресей әдебиеттануындағы қазіргі Әуезовтану мәселелері (Н.Анастасьевтің «Трагедия триумфатора» зерттеуі негізінде).....39
Пірәлі Г.Ж., Сундетпаева А. Әуезов және Тургенев.....53
Баймырзақызы С. Шығармашылық лабораторияны зерттеудегі М.Әуезов дәстүрі.....67
Сәкен С. М. Әуезовтің «Өскен өркен» романындағы замана шындығы мәселелері.....72
Әбелдаев Ж.Ә. Мұхтар Әуезов және түрік әдебиеті.....86
Абдырақын Н. М. Әуезовтің «Абай жолы» романының қытай тілі аудармасындағы табиғат суретінің бейнеленуі.....97
Порубин Л.В. Психоанализ Фрейда в румынской литературе Бессарабии (художественное отражение в романе Александра Робега).....110
Ойсылбай А.Т. Ілияс Жансүгіровтің «Жолдастар» романындағы ұлттық код.....121

Рахымжанов К. М. О.Әуезов «Манас» жайында.....132
Ханкей Е. М. О.Әуезовтің Қазақстан публицистикасына қосқан үлесі.....140
Тәшімова М. М. Әуезов драматургиясындағы жастар бейнесі («Абай» трагедиясы мысалында).....159
Нәбиолла Н. Ы. Ботайұлы жырлаған «Ер Жәнібек» жырының жариялануы хақында.....168
Жұмаділов А. М. Әуезов шығармаларының экрандалуы.....178
Еспенова А. Дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнердің заманауи мәдени кеңістікте жаңаша көрініс табуы.....185
Келсінбек М. Абай портретінің бейнелеу өнеріндегі көркемдік шешімі.....193
Тиникулова Ж.Н. М.Әуезовтің «Абай жолы» романы эпопеясындағы «махаббат» концептісі.....201
Даутова Г.Р., Султан Е. Эпикалық қаһарманның бейнесін ашудағы батыр тұлпарының ролі.....206
Мұратқызы А. Балалар киносы: Қазақ киноөндірісіндегі орны мен ролі.....216
Ахан Карима М. Әуезов шығармашылығы. «Қарагөз» Трагедиясының заманауи театрдағы өзектілігі.....229
Авторлар туралы мәлімет237

шығарманың көркемдік мазмұнының, трагедиялық құрылысын көреміз. Мұнда, жазушының өз сөзімен айтсақ, «халықтың тілге поэзиялық қасиет бігіріп, әсем күйлік қалпында кестеленген». Әуезов шығармашылығы өзекті екендігін дәлелдейтін шығарма. Қоғамның қашанда әлсіз келген тұсы, жастық албырттықтан туындайтын қателіктің көрінісін ашқан танымдық-тәрбиелік шығарма санатында қалмақ.

Әдебиеттер:

1. Байсеркенов М. Қойылым және қолғаңба, – Алматы: «Өнер», 1989. – 160 б.
2. Құндақбаев Б. Мұхтар Әуезов және театр. – Алматы: «Ғылым», 1997. – 245 б.
3. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. // «Егемен Қазақстан» газеті. – 21 қараша, – 2018 ж.
4. Рымғали Н. Драма өнері. – Алматы: «Санат», 2001. – 478 б.
5. Қуандықов Қ. Тұңғыш ұлт театры, – Алматы: «Жазушы», 1969. – 243 б.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

АБДЫРАҚЫН Н. - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, шығыстану факультеті, қытайтану кафедрасының доценті, PhD доктор.

АХАН К. - М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының I курс магистранты.

ӘЗІБАЕВА Б.У. - М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклортану бөлімінің бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д., профессор.

БАЙМЫРЗАҚЫЗЫ С. - Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қызметкері, ф.ғ.д., профессор.

ДАУТОВА Г.Р., Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қызметкері, PhD доктор.

ЕСПЕНОВА А.Т. - М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бейнелеу өнері» бөлімінің ғылыми қызметкері, PhD докторант.

ЖҰМАДІЛОВ А. - М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Театр және кино бөлімінің ғылыми қызметкері.

КЕЛСІНБЕК М.М. - М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Бейнелеу өнері» бөлімінің ғылыми қызметкері, өнертану ғылымдарының магистрі.

ҚОНАЕВ Д.А. - Заведующий научно-культурным центром «Дом Ауэзова», главный научный сотрудник института Литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, к.филол.н.